

# АҚМЕШІТ

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін.



Магжан

6+



# ЖАСТАРЫ

№ 38 (471)  
22 қыркүйек, 2022 жыл

Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



Биыл қала күнін мерекелеу жылдағыдан ерте басталды. 30 күнге ұласатын думанның есте қалар ерекше сәт «Сыр Ана» монументінде орын алды. «Абай-Дәулет» компаниясының ұйымдастыруымен аспаздар палау пісіруден сайысқа түсіп, алматылық Әмір Тәжібаевтың пісірген палауы үздік деп танылды.

Әмір ТӘЖІБАЕВ, 40 қазан палаушылар сайысының жеңімпазы:

## «ТӘЖІРИБЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗДІ»

– Әмір, жеңіс құтты болсын! Аспазшылар сайысына бұрын-соңды қатыстыңыз ба? Жарық несімен ерекше есте қалды?  
– Рақмет! Палаушылар жарысына биыл алғаш қатыстым. Жалпы палаушылар сайысы Наурыз мерекесінде әр өңірде ұйымдастырылады. Бірақ Қызылорда қаласындағыдай ауқымды болған жоқ. Мұнда жарысты өткізуге 2 тонна ет, 1 тонна күріш, 1 тонна сәбіз, 500 литр пісте майы жұмсалды. Сондай-ақ жергілікті аспазшылар ғана атсалысқан жоқ. Ақтөбе, Түркістан, Алматы қалаларынан да үміткерлер болды. Дегені өте жоғары болды. Мың шақырымды арқа тастап, бақ сынағаннан кейін барымды салдым.  
– Сайысқа қатысу оңай болмағаны анық.

– Ең таңқалдырғаны сол болды. Мұнда алдымен етті асып алып, сорпасына пісіреді екен. Бұл Шымкент, Түркістан, Алматы секілді қалалардың аспаздарына тән сық дүние болды. Бір жағынан уақытты көп жоғалтатын әдіс екен (күліп). Ұйымдастырушылардың айтқанымен келісуге тура келді. Түнгі сағат 2-де ет таратылып, қазанға қайнатып алдық. 11-ге дейін дайын болу үшін ерте қамдандық. Сыр өңірінің өдісімен алғаш рет істейтін болғандықтан аздап болса да қобалжыдық. Бірақ тәжірибеміз көп көмегін көрсетті. Алматы қаласында «Мах» палауханасында қызмет көрсететіндіктен ауқымды қазанды жатырқай қоймадық. Бір жағынан палаухананың қожайыны Мақсат Мамрайымовтың көмегі

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 40 аспазшы 1300 үміткердің арасынан іріктеліп алыныпты...

– Республика көлемінде ең ауқымды аспазшылар сайысы болғандықтан барлығы қызығушылық танытатыны анық. 1300 үміткер сонысы айғағы. Бұл жерде бастысы, тәжірибеге сүйенді. «Мықтыға тұсау жоқ» демекші, іріктелген 40 палаушы да өз ісінің мықтылары. Сауалнама арқылы сұрақтарға тосылмаған аспазшылар финалдық бәсекеде өнер көрсетті.

– Әр елдің салты басқа демекші, Сыр өңірінің палау пісірудегі қағидасы өзгеден ерекше. Сайыс сол қағидадан сақтанп, ұйымдастырылды. Қиындық болған жоқ па?

көп болды. Бірлесіп, дәмді палауды дайындадық.  
– Нәтижесінде халыққа қандай палау ұсындыңыз?  
– Рецептте сәл өзгеріс болса да ойымыздағыдай палау болды. Әу баста Самарқанд палауын дайындауды мақсат еттік. Сол мақсатымызға жетіп, халыққа ұсындық. Қазылардың да, дәм татуға келген қала тұрғындарының да көңілінен шықты деп ойлаймыз. Палау – халықты бірлікке шақыратын тағам. Ал Самарқанд палауы – тойда, мерекеді әзірленеді. Қызылорданың туған күнінде мерекелік тарту болсын деп осы түрін жасадық.

Ерасыл ШӨРІБЕК

Бұл орайда соңғы уақытта жастар үшін жағымды жаңалықтың ұшқыны байқалуда. Мемлекет жуырда жастарға арналған бірінші тұрғын үй бағдарламасын іске қосып, әскери борышын өтегендерге білім алу жүйесін жеңілдетпек.

Алдымен, баспана жайынан бастайық. Қазақстанда жастарға арналған бірінші тұрғын үй бағдарламасының жобасы әзірленіп жатқанын Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі хабарлады. Аталған жаңалық БАҚ бетінде жарияланғалы ақпараттың анық-қанығын іздеген адамның қатары көп. Министрлік те үнісіз қалмай, мұндай қадамға бару себебін халықтың әлеуметтік жағдайы мен жастар арасындағы мәселеге сілтеді. Яғни, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жуырда жастар арасында арнайы сауалнама жүргізген. Респонденттерге «Сіздің ойынша, жастар өзін сенімді сезініп, дамуға қабілетті болуы үшін не қажет?» деген сұрақ қойылған екен. Нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың 40,9 проценті «баспана» деп жауап берген. Міне, орталық сауалнамасына сүйеніп, министрлік мандатары жастардың негізгі мәселесін шешуге талпынуда.

Зерттеу орталығы «Отбасы банкпен» бірлесіп, жастар үшін тұрғын үй несиеінің қолайлы шарттары, баспана жағдайын жақсарту қажеттілігін айқындау бойынша зерттеу жүргізуді қолға алмақ. Зерттеу негізінде бірінші жастар тұрғын үй бағдарламасының арнайы жобасы әзірленіп, азаматтардың баспаналы болуына жол ашылады деп күтілеуде.

Айта кетерлігі, қазір «Отбасы банк» өңір әкімдіктерімен бірге жастарға арналған жеке бағдарламаларды жүзеге асырып жатыр. Жергілікті білік пен банк арасындағы екіжақты келісім шеңберінде «Елорда жастары», «Алматы жастары», «Қарағанды жастары», «Әулиеата жастары», «Қостанай жастары» секілді бағдарламалар әзірленген. Жоба аясында мыңдаған жас көптен күткен пәтер кілтін қол жеткізіп, болашаққа деген сенім артқан. Жақын арада осындай бағдарлама «Алатау жастары» деген

атаумен Атырауда да іске қосылмақ.

Өңірлік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу үшін іріктеу критерийлері әр өңірге байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Алайда алдын ала болжамға сәйкес, несие беру шарттарының нұсқасы дайын. Бастапқы жарна кемінде 10%, несие мөлшерлемесі – жылдық 5%, несие мерзімі – 19 жылға дейін.

Жастардың бірінші тұрғын үй бағдарламасының жобасын әзірлеу «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Отбасы банк» АҚ арасындағы Меморандум негізінде жүзеге асатын болады.

Ендігі мәселе – білім алу. Бұл орайдағы өзгеріс те көңіл көншіттеді. Енді елімізде мерзімді әскери қызметін өтегендерге жоғары білім алуға жеңілдік беріледі. Яғни, әскерде болған азамат екі жыл ішінде ҰБТ нәтижесіз ақылы негізде оқуға түсе алады. Ал бұрынғы әскери қызметшілерге жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқуға мүмкіндік беріледі. Қорғаныс министрлігі тиісті ережелерге өзгеріс енгізу жұмысын бастап кетті. Жоба келер жылдан бастап іске асады деп жоспарлануда. Мұндай жеңілдіктер қазір борышын өтеп жүрген азаматтарға және осы күзде әскерге шақырылатын сарбаздарға

Баспана мен білім алуға қол жеткізу – талай жастың басындағы мәселе. Бір қарағанда оңай болып көрінгенмен, шаруаның мәні қаражатқа келіп тірелетіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан болар, баспаналы болудың жолын іздеген, білім алуға жеңілдік қараған азаматтың қатары мол. Көбі мемлекеттік бағдарламадан үмітті.

жасалады. Бұл туралы Қорғаныс министрлігінің хабарламасында былай делінген:

«Жеке қасиеттеріне, үлгілі тәртібіне және мерзімді әскери қызметін өтеу кезінде жауынгерлік даярлыққа қол жеткізген жоғары нәтижелеріне қарай әскери қызметшілерге жоғары оқу орнының гранты есебінен тегін жоғары білім алу мүмкіндігі беріледі. Мұндай жастарға Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына емтихансыз және ҰБТ-ны есепке алмай-ақ оқуға түсу мүмкіндігі ұсынылады. Әскери оқу орындарына емтихансыз түсу және азаматтық жоғары оқу орындарында оқу грантын алу кезінде әскери қызметшілердің Отан алдындағы борышын өтеген балаларына да басымдық беріледі іске асыру»

білім беру саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді».

**P.S. Білім мен баспана мәселесі күні тәртібінен түскенде ғана жаңа мүмкіндік сенім артып, жастардың өнімді еңбек етері анық. Аталған бастамалар осы оң өзгерісті жақындапты, халықтың өлеуметтік әлеуметін көтеруге жол ашарына сенім мол.**

Берен ШАҒЫРОВ



ҚАРУҒА ЕМЕС, БІЛІМГЕ  
ИНВЕСТИЦИЯ САЛАЙЫҚ!

3



ОТЫЗ КҮНДІК  
МЕРЕКЕ

4



МҮСІНДЕ МІН БАР:  
КІМ КІНӘЛІ?

5

Ескерткіш тек қана өнер туындысы емес, сонымен қатар тарихтың таңбасы, өткен мен бүгінді, бүгін мен ертеңді жалғап тұрған уақыттың таразысы. Ұлт тарихында мың жылда бір рет дүниеге келетін ұлыларды ескерткіш қою арқылы ұлықтау – ежелгі заманнан келе жатқан мұсыландық өнерінің жетістігі. Алайда соңғы жылдары бірінен кейін бірі салынып жатқан монументтердің сұлбасы сұрықсыз, жобасы ғұрыпсыз боп барады. Шенді-шекпенділер мен қарапайым халықтың ызаасын тудырып, күлкіге айналған мүсіндердің міні қандай? Мемлекет тарапынан әрбір тапсырысты назарға алатын, көмшін тұсын көпшілікке ұсынбай тұрып, көзге ілетін мамандар жоқ па?

# МҮСІНДЕ МІН БАР: КІМ КІНӘЛІ?

Тұрғызаған екен. Оған жергілікті билік қарсы болғанымен төре ұқымдары өз дегенін істеген. Қоғам тарапынан қызу талқыға түскен тақырып болған ханның жаңа мүсіні республикалық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылған. Ал оң шешіміне сай келетін жаңа ескерткіш енді бой көтереді.

Жақында facebook әлеуметтік желісін тұрақты қолданушылар мен қоғам белсенділері белгілі ғалым, этнограф, жазушы Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдығына орай Ұлытау облысы, Жаңарқа ауданында бой көтерген ескерткішін сығана алған болатын. Елді ел еткізіп, ескерткіштің шығармашылығын түрілгені сол – әлеуметтік желідегілер «таяғы тізесінен келеді екен», «аяғын жеп қойыпты» деп жаза бастады.

Негізінен мұндай ескерткіштерді қабылдап алу бойынша республикалық және жергілікті комиссия жұмыс істейді. Бірақ біз жергілікті комиссия құрамындағы суретшілер, мүсіншілердің

кәсібилігі қай деңгейде екенін білмейміз. Өдетте комиссия отырыстарында шешім дауыс беру арқылы қабылданады. Бірақ оның құрамына кірген адамдардың екі-үшеуі ғана саулетші, ал қалғандары басқа саланың маманы болады. Осылайша, ескерткішті қабылдау бойынша шешім көпшіліктің басым даусымен қабылданып кетуі ғажап емес. Қазір республикалық комиссияның құрамында 15 адам болса, оның үшеуі ғана жоғары білімі бар мүсінші. Меніңше, кем дегенде комиссияның 10 мүшесі тәжірибесі мол, кәсіби мүсіншілер мен суретшілер болуы керек.

Соңғы күндері талай әңгімеге арқау болған Ақселеу ағамыздың ескерткіші мемлекеттік комиссияның назарына ұсынылмаған екен. Оны комиссия мүшелері де растады. Сол секілді осыған дейін айтылып жүрген ескерткіштердің де көбі республикалық комиссияға ұсынылмаған деп ойлаймын, – дейді суретші-мүсінші Ермек Ержанов.

Ескерткіштің бойы қысқа не ұзын болып кетуі қалыпты дүние емес, әрине. Адамға ұқсаса болғаны деген түсінік артықтау. Себебі мүсіншінің мінде-тінің өзі қолына ұстаған құралымен біртуар тұлғаның бойын ғана емес, болмысын көрсету емес пе?! Мойындау керек, бұл жағынан біздің мүсіншілер біраз артта қалғандай «Бой көтерген бейнеден Ақанды таба алмадық. Төрт жағынан да қарадық. Бет келбеті де, дене тұрқы да мүлде келмейді. Ақаң сыртқы келбетімен ғана емес, жүріс-тұрысымен де ұлттың ұлдарына өнеге болатын тұлға еді», – деп жазды журналист Еркін Мұсабеков.

Әлеуметтік желіні шұлапқан пікірлерден кейін әкімдіктегілер сөзсіз шыққан туындыны бір тәулікке жеткізбей бұзып тастаса, Жаңарқа ауданының әкімі ескерткіштің орнына қайтадан жаңа сапалы мүсіннің бой көтеретінін хабарлады. Айта кету керек, ескерткішті ғалымның туған-туыстары жеке қаржысымен тапсырыс беру арқылы белгісіз мүсіншіге жасатқан екен. «Шынымды айтсам, мүсіншінің аты-жөнін де білмейміз. Оны бір ағайынымыз өзі тауып, «көремет мүсінші екен» деген соң бөріміз сеніп тапсырған едік», – дейді Ақселеу Сейдімбектің ұлы Ернар Сейдімбек.

Мәселенің мәні – ескерткіштің жеке қаржымен

немесе мемлекеттің қолдауымен жасалуында емес, тапсырыспен тың туындыларды жасаптын «мүсіншілердің» кәсібилігінде, талғамында, жауапкершілігінде. Бұл жағынан елдегі ескерткіштердің ескірмейтін бір жүйемен, қатып қалған белгілі стандартпен орнатылатыны жиі сынылап-ақ жүр. Елордада «жеке-жеке» сарайының алдында орналасқан Жақсылық Үшкөмпіровтің қақпан қазықтай тас мүсіні мәселені айшықтай түседі. Ескерткіш бар, алайда ескерткіште жан жоқ, сол тұлғаны көргендей әсер қалдыратын ерекшелік, қарапайым детальдар жоқ. Шенберден шыға алмай жүрген әріптестері туралы Суретшілер одағының мүшесі, суретші-мүсінші Ермек Ержанов: «Ескерткіштердің бір-бірінен аумай, бірдей болып жасалуы, сәулетшілердің қалыптас шыға алмауы ізденістің жоқтығын көрсетеді. Оның үстіне, тапсырыс берушілер көп жағдайда сәулетшілерге ізденіске уақыт қалдырмайды. Өйткені хабарландыру эскиздік жоба комиссия назарына ұсынылғандан 10-15 күн уақыт қалғанды біреді. Бұл аралықта қандай эскиз әзірлейсіз?»

Екіншіден, ескерткіштің эскиздік жобасы туралы хабарландыру берудің тәсілі қызық. Мұндай конкурстар мейлінше жабық өткізіліп жатады. Қазақстанның Суретшілер одағына қарасты Мүсіншілер ұйымы бар. Осы ұйымда үлкені бар, кішісі бар елуге жуық мүсінші отыр. Бірақ олардың бірі ескерткіш әзірлеу бойынша конкурс өтіп жатқанынан хабарсыз. Айналып келген мүсіншілерге арналған байқау мүсіншілердің қатысуына өтіп жатады», – дейді.

Дина БӨКЕБАЙ

Ойдым-ойдым шұңқыры көп жол дінкелетіп ғана қоймайды. Одан бөлек осындай жолда жүйткітін үлкен жүк көліктерінің әрекеті бір Алғаға сыйынып, диттеген жерге аман жетуге асықтырады.

Мәселен, «Жезқазған – Қызылорда» көлік жолы жайлы айтыла қалса, жүргізушілердің жабырқау көңілін бірден байқайсың. Қыста бұл маңды қалың қар басады. Көктем мен жазда асфальттың ойылған бөлігі суға толса, біресе ми батпағы шығады. Ал қолайсыз ауа-райында диттеген жерді біреу «көшіріп алып кеткендей» күй кешетінін жасырын емес.

– Қыста бұл бағытпен жүру қауіпті. Жол бойында кезілген, елді мекен жоқ. Біз секілді жалғыз жарым сапарға шығатын жолушыларға тіптен қатер төндірді. Бірақ амал жоқ. Отбасын асырау үшін осындай қиындыққа шыдап келеміз, – дейді жүргізушілер.

Деректерді парақтасақ, маңызды мәселеге байланысты «Жол активтерінің ұлттық сана орталығы» РМК ҚОФ директоры Айбол Бидайбеков былай жауап берген. – «Жезқазған-Қызылорда» автожолын қайта қалыпта қалыптау үкіметте талқыланды. Өз тарапымыздан геологиялық барлау, жер бедерін өлшеуді жүргізді. Қазір жобалық-металдық құжаттарды дайындау үстіндеміз. Құжатты тапсырғандан кейін Үкімет біздің жобамызға қаражат бөледі. Жолушыларды алаңдататын тағы бір мәселе – бұдан былай, жол сапасы жеті бақылауға алынатын болады. Оны «Ұлттық жол активтері» санасы орталығы филиалының қызметкерлері

тексеріп, авторлық және техникалық қадағалау жүргізеді. Мердігерлердің міндетінен ақау табылса, оны қайта жасап шығады. Ал жөнделген жолдың кепілдік мерзімі 2-5 жылға дейін, – дейді ол.

Сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ұсынған мәліметті сөйлестек. Биыл жол-құрылыс жұмыстарымен 11,2 мың шақырым қамтылған, оның ішінде республикалық желі бойынша 7 мың шақырым. «Алматы – Қарағанды», «Ақтөбе – Қандыағаш – Мақат» және «Талдықорған – Өскемен» сияқты магистральдық маршруттарда басталған реконструкциялаудың сапалы жүргізіліп, уақытылы аяқталуы ерекше бақылауда. «Орталық – Оңтүстік», «Ақтөбе – Атырау – Астрахань», «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен», «Ұзынағаш – Отар», «Үшарал – Достық», «Қостанай – Денисовка» жобалары аясында республикалық маңызы бар жолдар толық ауқымды жұмыстармен қамтылып отыр.

Жақында Премьер-министр Әлихан Смаиловтің төрағалығымен өткен үкіметтің кезекті отырысында да еліміздегі автожол саласын дамыту мәселелері қаралған болатын. Ақпалы жылында Үкімет басшысы еліміздегі жол-көлік қатынасын дамыту үшін соңғы жылдары ауқымды жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Мұнда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің құрылысы іске асырылғаны, екі мың шақырымнан астам жол ақылы жүйеге көшіріліп, жол инфрақұрылымы өзін-өзі қамтамасыз ете алатын деңгейге жеткені айтылды.

Әйтсе де премьер-министрдің айтуынша, ақылы жүйеге ауысып жатқан жолдың жағдайына қатысты халық тарапынан әртүрлі шағым айтылуда. Осыған орай «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясына жолдарды күтіп ұстау сапасы мен қауіпсіздігі бойынша жұмысты күшейту тапсырылды. Қалай десек те, жол сапасына жөндеу және оны салу мерзіміне қатысты білікті кадрлардың тапшылығы, жаңа құрылыс материалдары мен заманауи технологиялардың аз қолданылуы есер етеді. Қуанатын күн алыс емес. Бұлай дейтініміз, қазір жол сапасын қамтамасыз ету үшін мыңнан астам нормативтік-құқықтық акті қайта өңделіп жатыр. Оның үстіне Президент әкімдердің рейтингі жол сапасы бойынша анықталатынын айтты.

Десек те тағы бір түйін бар. Ол – жылдамдықты асыру мен жауапсыздықтан туындайтын жол апаты. Жоғарыда айтқанымыздай, жүргізушілер екі күннің бірінде күре жол үстіндегі қайғылы оқиғадан талай жаннның тағдырын үзіліп, талайы ауыт жаракатынан айғып кете алмайтынына күе болғанын жеткізеді. Бір ғана мысал, жаз айында «Самара – Шымкент» тасжолы, Ырғыз ауданы Қалыбай ауылының маңында жантуырғырлық апат болды. Honda Fit маркалы автокөлігінің 32 жастағы жүргізушісі қарсы бетке шығып кеткен, салдарынан 6 адам ажал құшты.


– Халықаралық тас жолдың сапасыздығы бір бөлек, оған қоса басып озғысы келген көліктердің соқтығысы орын алмаса деп жанымызды шүберекке түйіп отырамыз. Бұл жолдың тозығы жетті. 4 жолақты жол салып, олықтықын оры толар күнді ансаймыз, – дейді Қызылорда тұрғыны Ернар Уразаев. Өңімімізге тұздық ретінде айта кетейік, «Қызылорда – Алматы» тас жолында да апат саны жиі. Себебі қазіргі кезде тасымалдаушылар көп. Мұндай үрдіс «Қызылорда – Ақтөбе» жолында да

артып келеді. Еліміздегі жол қауіпсіздігі мәселесінің ушығып кеткенін мына деректерден-ақ аңғару болатындай. ІІМ мәліметінше, жыл басталғалы бері республика жолдарында 7180 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Апат салдарынан 1017 адам көз жұмса, 9500-ден астам жолушы жарақат алған.

– Осы кезде көлік соғысы Toyota Aifard, Toyota Sienna, Honda Odyssey секілді минивендерге қатысы көп. Көлік жаңа болғандан кейін оның қозғалтқышы да жылдам жұмыс істейді. Қозғалтқышына сенген жүргізушілер тез жету мақсатында жолақты кесіп, жылдамдығын арттырып көлік соғысына жол беріп келеді. Полиция қызметкерлері оларды тоқтатып тексергеннен өзгерген дүние аз, – дейді тұрғын Досжан Талғатов.

Түйін. Жол ережесін сақтау – әрбір адамның өз өміріне деген жауапкершілігі әрі бірден-бір келімі. Жолды жөндеуөге болады, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңнаманы жетілдіру де уақыт еңісіндегі іс. Тек сақтықты серік етуді ұмытпасақ екен... Дос ТАБЫЛДЫ

# ЖОЛ БОЙЫНДА МӘСЕЛЕ КӨП









«Өлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің пандемиядан кейінгі кезіндегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы ролі» атты



Соғұтстік Қазақстан облысында Католик рухани орталығы орналасқан. Сталин репрессиясы және Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бұл орнының арқасында Қазақстанға жер аударылған поляк қауымы аштықтан аман қалды.



пленаарлық отырысқа өлемнің ең құрметті рухани көшбасшылары жиналды. Атап айтсақ, Ватиканның және Католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы Франциско Қазақстанға алғаш рет мемлекеттік сапармен келді. Көне әл-Ашар ислам университетінің бас имамы, жоғары мәртебелі доктор, Шейх Ахмад ат-Тайеб, православ христиандары, Израильдің Бас ашкенази равини Давид Лау және Израильдің Бас сепард равини Йихақ Йосеф де қазақ жеріне қонақ болды.



Өлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің Қазақстанда өткізілуі кездейсоқ жағдай емес. Қазақ жерінің гасырлар бойы Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір болып келгені, діни ұстамдылық бәріне орта сипат екенін Баса айтқан Мемлекет басшысы Алматы облысындағы Қойлық деген орта гасырдағы қаланы мысалға келтірді. Тарихи орында қазба жұмыстарын жүргізу барысында ХІІ-ХІV гасырларда ислам, христиан және буддизм дінінің ғибадатханалары іргелес тұрғаны белгілі болған.

Шын мәнінде, Қазақстан аумағы барлық өлемдік діннің киелі орындары көрініс тапқан карта іспетті. Мұсылмандар Арыстан бабтың, Қожа Ахмет Йасауидің көсемдеріне, Бекет ағаның жерасты мешітіне және басқа да қасиетті жерлерге барып, зиярат етеді.

Таразда VIII гасырда несторианшыл христиан шіркеуінің іргетасы салынған екен мәлім бар. Біз православ ғибадатханасы – Алматыдағы Вознесенск кафедралық шіркеуін мақтан тұтамыз. Осынау бірегей тарихи және сәулет ескерткіші өлемдік ел биік ағаш храмдардың бірі саналады.

естелгі ретінде

Қырғи-қабақ және өзара сенімсіздік жағдайы халықаралық қатынасқа қайта оралып жатыр. Заманауи сын-қатерлерге негіз қарсы қоюға болады? Тарих Бұған бір ғана жауап береді. Ол – іргі ниет, диалог және ортақ күш-жігер. Табысқа жетудің басқа кепілі жоқ, Қазақстан кез келген даулы мәселені БҰҰ Жарғысына сәйкес тек қана келіссөз үстелі арқылы шешуді үнемі көздей келеді. Туындаған қайшылықтарды күшпен, қорқытумен немесе санкциялармен реттеу мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Мұндай сәттерде гуманистік идеяларға жүгіну аса маңызды. Олардың басты қайнар көзі дәстүрлі діндер екені даусыз, – деді Мемлекет басшысы.

Жалпы аталған съезге өлемнің 50 елінен 100-ге жуық делегация қатысты. Ислам, христиан, иудаизм, буддизм, индуизм, дасизм, сикхизм және басқа да дәстүрлі діндердің құрметті өкілдері келген іргелі жиньда халықаралық ұйымдардың өкілдері, дипломаттар, саяси және қоғам қайраткерлері, ғалымдар да болды.

Көпшілік үшін съезге арнайы келген Рим Папасы Францисктың пірі мен ұнасыны маңызды болғаны рас. Қазақтың киелі домбырасын мысалға келтіріп, оның үні Әбаимен үндес екеніне тоқ-

еске салады. Өмірдің мәнін түсіну, рухани тұрғыда тәрбие алу секілді өзекті мәселелерге терең бойлауымыз керек. Абай айтқанда, «көкірегі, көңілі тірі» болуымыз қажет, – деді Франциск. Өлемде қанша дін болса да, бәрінің көздеген мақсаты бір. Ол – адамзатқа ортақ Жер

Жуырда ғана Астана қаласында өлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі өтті. Жер-жаһанды жақсылыққа үндеп, бейбітшілікке шақырған жың дүңға жасау үшін бір минуттың үнсіздіктен басталды. Мұның өзі адамзат баласы дініне, түріне, ұлтына бөлінбестен күллі өлемге тыныштық пен бейбіт өмір тілейтінін ұқтыра түсті.

шарьнда бейбітшілікпен күмір кешу. Алайда қазір тыныштықты тату келісіммен емес, қару-жарақ асыңған қақтығыспен шешу белең алууда. Рим папасы соғыс жолымен шешілетін мәміленің нәтижесі оң болмайтынын баса айтты. Бұл өз кезегінде жер-жаһан көз тіккен жиынның мақсатын айқындай түскендей болды.

Қатандықпен, экстремизммен және фундаментализмнің түрлерімен Құдайдың есімін қорғайтын және оны өшпенділік, фанатизм және терроризм арқылы мансұқтайтын, адамның бейнесін де бұзатын және төмендететін деструктивті түсініктерден арылайық, Абай айтқандай, «адамшылықтан алды – махаббат, ғадалат, сезім... Ол – Жаратқан Тәңірінің ісі». Ешқашан зорлық-зомбылыққа ақтамаймыз. Қасиеттілікті арам адамдардың пайдалануына ешқашан жол бермейік.

Құдай мен бейбітшілік – егіз ұғым. Ол бізді соғыс жолына емес, арқашан бейбітшілікке бағыттайды. Олай болса, қақтығыстарды күшпен, қару-жарақпен және қоқан-лоқымен емес, аспан жарылқаған және адамға лайық жалғыз әдіспен – көздесу, диалог және келіссөздер арқылы шешуді талап етеміз. Жастар үшін бейбітшілік қажырлы келіссөздердің назік нәтижесі ретінде емес, олардың даму мен жарқын болашаққа деген ұмтылысы болғаны қажет. Осы тұрғыдан алғанда Абай өзгенің білімін, тарихын, әдебиетін қабылдау үшін алдымен өз мәдениетінің шегінен шығуды, білім алуға үндеді. Қаруға емес, білімге инвестиция салайық, – деді Франциск.

Сенат спикері Мәулен Әшімбаев VII съездің жабылу салтанатында Өлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының келесі VIII съезі 2025 жылы өлеміздің астанасында өтетінін

мәлімдеді. Сондай-ақ алқалы жиньда Англиядан шіркеуінің арнайы өкілі Доркинг епископы Джо Бейли Уэллс VII съездің қорытынды құжатын жариялады. Бейбітшіліктің бастамасы саналатын съез алқалы жиынмен ғана шектеліп қалмады. Парламент Сенатының Төрағасы – Өлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі Хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев VIII Съезд делегаттарымен бірге жаңа «Бейбітшілік және келісім сабағының» негізін қалады. Форумға қатысушылар жаңа сабақта 60 тал отырылды. Есіл өзегінің жағалауында орналасқан демалыс орны Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен этностар арасындағы достық пен бірліктің символына айналды деп күтілуде.

Жобаның басты идеясы саналатын, күмбез түрінде жасалған «Өмір ағашы» монументінің дәл ортасына емен ағашы отырғызылған. Ол спиральмен және үйлесімді фонтанмен қоршалған.

Идея авторларының пікірінше, су мен сасырдан тамыр тартатын өмір ағашы Жер бетіндегі тіршіліктің жалпыадамзаттық құндылығын дәлелтейді. Осылайша, жаңа туынды діни мен сенімге қарамастан планетамыздағы барлық адамды келісімге, бейбітшілікке және достыққа шақырады. Ал, күмбез бір аспан астындағы бейбіт өмірді бейнелейді. Онда өлемнің төрт бұрышы – Оңтүстік, Соғұтстік, Батыс және Шығысты білдіретін 4 кіру аймағы болады.

Күмбездің қабырғаларында Өлемнің жаратылуы мен Қазақстандағы тарихи оқиғаларды көрсететін бейнелер және өлеміздің аумағынан табылған әйгілі ежелгі жазғас суреттері – петроглифтер салынды. Ағаштың айналасындағы спираль аспан (күмбез) мен жерді (су беті) біріктіріп, өлемнің нәзіктігін суреттейді.

Саябақ құрылысы 2023 жылы аяқталып, ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда.

# ҚАРУҒА ЕМЕС, БІЛІМГЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛАЙЫҚ!

Экс-

тремизм

мен

терроризм

– әлі де ең

күрделі сын-

қатер. Санкция

салдарынан

туындаған

энергетикалық дағдарыс

көмірқашық газдары

шығарылымын нелдік

денегіге түсіруге кедергі

келтіреді. Бұл сынақтарға бейжай

қарай алмаймыз. Кейінгі жиырма

жылдағы табиғи апаттар, көпшілік

климат өзгеруіне байланысты

шығын шамамен 3 триллион

долларға жетті.

талған Понтифик өлемдік дін басшыларынан рухани тазалықты, сананың тазалығын күтетінін атап өтті. Шынайы діндарлықты іздейтін жеткізіп, фундаментализмнің әрбір наным-сенімді бұзатынын түсініп ұақыт келгенін алға тартты.

– Қазақстанның ең ұлы ақыны және қазіргі әдебиетінің атасы, домбырамен жиі белленген ағартушы және композитор Абайды мысалға келтірдім. Шартарапқа танымал, дінде берік ары халықтың асыл жанын бейнелейтін шығармалар қалдырды. Оның дана парасаты, кишіпейіл сұрақ қою арқылы тыныштыққа ұмтылуы, даналықты іздеу, әрдайым түрлі тәжірибелерден шабыт алуға шақыруы өнеге. Абай «Тіршіліктің несі сені, тереңге бет қоймаса?» деген көнермейтін сауалды қоя отырып, бізді сынады.

Осындай сұрақтар адамзаттың дінде деген мұқтаждығын көрсетеді. Ол жердегі мүдделерді қанағаттандыру немесе таза экономикалық қарым-қатынас орнату үшін өмір сүрмейтімізді



## ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Қырғызстан президенті Садыр Жапаров Тәжікстанмен шекарадағы қарулы қақтығысқа байланысты халқына тікелей эфирде үндеу жасады.

16 қыркүйек күні таңертең Қырғызстан мен Тәжікстан шекарасындағы бірнеше учаскеде атыс басталды. Қырғыз Республикасының ҰҚК шекара қызметінің мәліметінше, шамамен сағат 6:00-де тәжік тарапы шекара отрядтары мен қырғыз тарапының позицияларын атықпай бастаған. Нәтижесінде ел арасында қайғылы оқиға орын алды.

Президент Жолдауында Отанын сүйетін ерлерді тәрбиеленген қырғыз аналарына алғысын білдіді. «Отан үшін жан беріп, қаза тапқан жауынгерлердің аналарына айтарым нағыз батырларды тәрбиеледіңіздер, мен сіздерге бас иемін. Өрбір батырдың ерлігі қырғыз халқының жадында мәңгі сақталады. Отан қорғау жолында қаза тапқан әрбір жауынгердің туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын», – деді Жапаров.

Сондай-ақ қақтығыс кезінде қираған үйлер мемлекет тарапынан қалпына келтірілетінін жеткізді. «Қақтығыс кезінде қирап, өртенген үйлерді тез арада қалпына келтіреміз. Аз уақыт ішінде біз айтарлықтай нығайдық. Бұл ішкі және сыртқы жауларды да қатты апанадатады», – деді Қырғыз Республикасының Президенті.

Мемлекет басшысы қайғылы оқиға болған Баткенге халықтың бармауын өтінді. Оның сөзінше, шекарадағы мәселені реттеуге мемлекеттің әскери әлеуеті жеткілікті.



## «ПАНДЕМИЯ АЯҚТАЛДЫ»

АҚШ президенті Джо Байден «CBS 60 Minutes» бағдарламасында коронавирустық пандемияның аяқталғанын хабарлады.

Көпшілікке белгілі коронавирус бастап берген 2019 жылы желтоқсанда Қытайдың Хубэй провинциясының Ухань қаласында анықталды. Америка Құрама Штаттарына 2020 жылдың басында жетті. Пандемияға байланысты бірнеше штатта сол жылдың көктемінде бастап біртұрақ кәсіпорын мен мектептер карантинге жабылды. Коронавирусқа қарсы вакциналар әлем елдерінде 2020 жылдың желтоқсан айынан бастап таратыла бастады.

Бағдарлама барысында Байденге «Пандемия аяқталды ма?» деген сауал қойылды. «Пандемия аяқталды. Бірақ әлі де коронавирус мәселесі бар. Біз әлі де көп жұмыс істеп жатымыз. Баяқсанып, беттерде кіген ешкім жоқ. Сондықтан бәрі жақсы деп ойлаймын. Бұл – тамаша үлгі», – деп жауап берді АҚШ президенті.



## ЕЛШІЛІККЕ ШАБУЫЛ ЖАСАДЫ

Франциядағы Әзербайжан елшілігі жарияланған кадрларда армяндардың шабуыл жасағаны белгілі болды.

Бейнежазбада алдымен дипломатиялық өкілдік ғимаратының алдындағы темір тосқауылдарды талқандап, кейін кіреберіс есігін сындырмақ болғаны көрсетілген.

Әзербайжанның Франциядағы елшісі Рахман Мұстафаев осы видеоға түсініктеме берді. «Француз билігі дипломатиялық миссия қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы өтініштерді өлемегенін» мәлімдеген Рахман Мұстафаев Эммануэль Макронның бей-жайлығын сығна алды.

Бетті дайындаған Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ



# ОТЫЗ

# КҮНДІК МЕРЕКЕ

Қызылорда қаласының қарыштауы көрініс-келбеті ғана емес, мәдени-көпшілік жұмыстарының жандануы да түрткі. Тұрғындардың мәдениетін арттыруына арқау мәселе мол. Идеологиялық мақсаттың игілігі мән-маңызы жоғары жұмыстардың жүйесімен де өлшенеді. Оны қала күніне байланысты іс-шара барысынан байқадық. Келбеті келісті шаһардың айтулы күнінде бағдар бөлек. Адамның аңсарын аударатындай ауқымдылыққа ие. Жылдағы жаттанды дәстүрді жиып тастап, жаңашыл жобалар қолға алынып отыр. Бүкіл дүниені бір күнге топтап, сығымыз түрде өтетін жұмыстар тоқтатылды. Мұны 14 қыркүйектен бастау алған шаралар таныта түсті. Мереке аясында жаңа леп, жаңа тақырыпта өтетін шараларға қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыппар Төжімаханов тоқталды.

## ТҰРҒЫНДАР МЕРЕКЕНІ СЕЗІНУ КЕРЕК

Қала күні мерекесін барлық қала тұрғындары сезінуі тиіс. Сондықтан шаһардың барлық аймағында мерекеге орай түрлі қызықты шараларды өткізуді қолға алдық. Жауыр болған жиындарды ысырып, жылдағыдан өзгеше қылуды мақсат санадық. Соған сай халық бір күнде шаршамас үшін мерекелік думанды 30 күн тойлауға бекіндік. Яғни 14 қыркүйектен бастап, 14 қазан аралығында қала күні аталып өтеді. Осы күндерді тиімді пайдаланғысы келген алыс-жақындағы жұртшылық Қызылордаға келіп, мерекені сезінуіне болады. Алда болатын негізгі шараларға тоқталсам. Ертен Қалалық тарихи музейінде «Шырайы арқан шаһар» көрмесі таңғы 10:00-ден бастап, кешкі 17:00-ге дейін жалғасады. Амфитеатрда «Неге маған жырламасақ Сырда туған

елімді?» тақырыбында ақын-жазушылардың жыр кеші өтеді. Сондай-ақ 30 қыркүйекте «ҚұттықTimes Қызылорда» қала көшелерінде көшпелі концерт ұйымдастырамыз. 1 қазанда жалпыхалықтық жаттығу арқылы саламатты өмір салтын сақтауға тұрғындарды шақырамыз. Ақ халатты абзал жандар халықты тегін медициналық тексерумен қамтамасыз етеді.

## СПОРТ САЙЫСТАРЫ ӨТЕДІ

Мереке күндері қалада спорттық шаралар көп ұйымдастырылады. Тұрғындар арасында арқан тартыс, пір тасын көтеру секілді спорт сайыстары өтеді. Сондай-ақ ерекше шараның бірі «Ярқая Қызылорда» марафоны болмақ. Орталық алаң мен Достық үйі арасын жалғайтын «Арбаттың» бойында тұрғындар марафонға

қатысады. 7 қазанда Евразия спорт кешенінде қазақ күресінен «Бала барысы» турнирі өтеді.

## ГАЛА КОНЦЕРТПЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАНАДЫ

14 қазанда Гани Мұратбаев атындағы орталық стадионда мерекенің нүктесі қойылады. Яғни тұрғындарға әншілер мерекелік тарту жасайды. Әншілерді шақыруға бюджеттен қаржы қарастырылмайды. Барлығы демеушілердің ықпалымен өтеді. Негізгі басымдықты жергілікті өнерпаздарға береміз. Елена Әбдіқалиқыова, Мадина Садуақасова секілді мақтаншытарымыз гала концертте өнер көрсетеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар демеушілер тарапынан халықтың ықыласына бөленіп жүрген эстрада жұлдыздарын да шақыруға жұмыс істейміз.

Ерасыл ШӨРІБЕК



Қала күніне орай ұлан-асыр той жасалып, 40 қазан палау басылды. Одан бөлек өзге де іс-шаралар легі бекітілді. Ал біз өз кезегімізде ескі ғимараттар туралы айтақанды жөн таптық. Олар облыстық әскери комиссариаттың шақыру пункті (бұрынғы казарма) ғимараты, Теміржол вокзалы ғимараты, Теміржол милициясы ғимараты (қазіргі «Ақмөшіт» музейі), Қалалық атқару комитетінің ғимараты, Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғимараты.

Облыс көлемінде тарихи-мәдени мұраларды қорғау, сақтау бағытындағы шаралар қолданыстағы «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде жүзеге асырылады. Ескерткіштер Заңға сәйкес 5 түрге бөлінген. Қала – археологиялық қала құрылысы және сәулет, ансамбльдер мен кешендер, монументті өнер құрылысы, киелі объектілер. Қолда бар деректерге көз жүгіртсек, облыстық әскери комиссариаттың шақыру пункті (бұрынғы казарма) ғимараты XIX ғасырдың аяғында салынған. Ғимарат И.Тоқтыбаев 2 тұйығы, құрылым №1 мекенжайда орналасқан.

Ғимараттың бастапқы қызметі – ресейлік патша әскерінің казармасы болған. Орынбор Генерал губернаторлығының тапсырысымен XIX ғасырдың аяғында салынған. Ғимараттың ұзындығы 62 м, ені 14 м. XIX ғасырдағы сәулет өнерінің деңгейін бейнелейді. Ескерткіш бұрынғы Ақмөшіт бекінісінің қамалы аймағында, Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ғимарат күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған, іргетасы таспапы, нығыздалған тастардан қаланған. Екі қабатты, жоспарында созылған тікбұрышты, негізгі және артық қасбеттердегі шығыңқы ризалиттермен өрлеп. Ғимарат айқын жоспарланған



кірпіштерден қаланып тұрғызылған, іргесі нығыздалған үйінді топырақ түрінде болып келген. Перрон бойымен созылған және бір-бірімен қосылған

ғимараты – жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. Ғимарат құрылысы XX ғасырдың басында

# ТАРИХ КҮӘСІ – ЕСКІ ҒИМАРАТТАР

құрылымдардан тұрады. Ғимараттың архитектурасы «кірпіш стиліндегі» өзінің өсем мүмкіндіктерін қажетті деңгейде пайдаланғанын көрсетеді. Кеңес уақытында және тәуелсіздік жылдарында ғимарат әскери комиссариаттың шақыру пункті негізінде қызмет еткен. 2000 жылдары әскери комиссариаттың басқа ғимаратқа көшуіне байланысты қараусыз қалған. 2005 жылы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мемлекеттік мекемелер орналастырылған. 2014 жылы оған толық қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қорғау аймағы бойынша қоршалды. Қазіргі уақытта ғимаратта Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі және Көркемсурет галереясы орналасқан.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында 2018 жылы ол Қызылорда облысының 3D форматтағы интерактивті картасына енгізілген және қабырғасына ескерткіш туралы толық ақпарат алу үшін QR-код тақтайша орнатылған.


Қала қонақтарын алғаш болып күтіп алатын ғимаратқа келер болсақ, Теміржол вокзалы 1905 жылы Орынбор-Ташкент теміржолын салу кезінде тұрғызылған. Ғимарат жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші болып табылады. Перроны солтүстік жағында орналасқан, оңтүстік қасбетімен вокзал маңы алаңына қарап тұр. Вокзал тікбұрышты күйдірілген

үш биік ризалиттер түріндегі маңдайалды композицияға ие. Мұнда бірінші және екінші дәрежелі күту залдары, қызметтік бөлмелер орналасқан. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында 2018 жылы ғимараттың 3D форматтағы интерактивті картасына енгізілген және ғимарат қабырғасына ескерткіш туралы толық ақпарат алу үшін QR-код тақтайша орнатылған. Ал қазіргі «Ақмөшіт» музейі бұрынғы Теміржол милициясы ғимараты болған. Ол 1905 жылы салынған. Ғимарат төңкеріске дейінгі кезеңдегі станция маңындағы құрылыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Архитектурасы бір қабатты, жалпы көлемі – 175,16 кв. м. Ғимарат жоспарында Z - өрпі пішінде, қасбетінің шеткі бөлігі шығыңқы келген. Шеткі бөлігінің төбесі екі жақты құламалы шатыр болып келтірілген. Ғимаратта 1905 жылдан 2000 жылдарға дейін Теміржол саласындағы милиция бөлімшесі орналасқан. 2004 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ақмөшіт музейі орналасуда. 2017 жылы ғимараттың қорғау аймағының жобасы белгіленді. 2018 жылы ғимарат Қызылорда облысының 3D форматтағы интерактивті картасына енгізілген және ғимарат қабырғасына ескерткіш туралы толық ақпарат алу үшін QR-код тақтайша орнатылған. Желтоқсан көшесі №18 мекенжайда орналасқан Қалалық атқару комитетінің

салынған. Екі қабатты жоспарда салынған бұл ғимараттың жоспардағы өлшемі – 26x17 метр. Жалпы көлемі – 2673 м3. Ғимарат кірпіштен тұрғызылған және төменінде жертелесі бар. Мұнда 1927-1990 жылдары қалалық атқару комитеті орналасқан. 1991 жылдан бастап «ҚазАвтоЖол» Қызылорда филиалы орналасуда. Қабырғасына ескерткіш туралы толық ақпарат алу үшін QR-код тақтайша орнатылған. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғимараты 1953 жылы салынған. Мұражайдың ғимараты екіқабатты, жоспары Г-пішінді, кірпіштен тұрғызылған. Жоспардағы өлшемдері: ұзындығы 45 м, қорғушының ені 13 м, өзінің аумағымен орамның бұрышын алып жатыр. Ғимаратқа кіреберіс бұрыштан, қорғушының екі қанаты бірігіп тұрған. Ғимаратта 1953-1980 жылдары қонақ үйі, 1980 жылдан бастап облыстық тарихи-өлкетану мұражайы орналасуда. 2017 жылы ғимараттың қорғау аймағының жобасы белгіленді. 2018 жылы ғимарат Қызылорда облысының 3D форматтағы интерактивті картасына енгізілген және ғимарат қабырғасына ескерткіш туралы толық ақпарат алу үшін QR-код тақтайша орнатылған.

**Азамат ЕСҚАЛИЕВ,**  
Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ-нің аға ғылыми қызметкері





Елдегі саяси өзгеріс әр саланың дамуына түрткі болғаны жасырын емес. Әсіресе, мемлекеттік құрылым мен басқару жүйесінде жаңарту жасалмаз жаналыққа жол ашты. Халық көкейіндегі күрмеулі мәселелер кезең-кезеңімен шешім тауып, бұқараның билікке деген сенім лимиті артқаны жасырын емес. Осы орайда Мемлекет басшысы өз Жолдауында елдің бір бөлеске көтерілу жолы – кезектен тыс Президент сайлауы туралы атап өткен еді. Көп ұзамай сайлау күні де белгілі болды. Ол – 20 қараша.

## 20 ҚАРАШАДА – ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

Кеше Президент Жолдауда айтылған ойды ресми қуаттап, кезектен тыс сайлауға қатысты арнайы Қаулы жариялады. Онда сайлау науқанының нақты мерзімі мен азаматтардың құқығы туралы нұсқау берілген:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін уақытында

жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және ұчаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін», – делінген Қаулыда.

Қарашаның ресми сайтында аталған Қаулы жарияланған соң Президент халыққа үндеу жасады. Ол мұндай саяси қадамның мән-маңызын айшықтап, сайлаудың халықтың әлеуметтік-саяси өміріне тигізер әсеріне тоқталды. «Халық біздің саяси жүйені өзгерту туралы жоспарымыздың

мән-маңызын жақсы түсініп отыр. Сондықтан мен бұған дейін айтылған сайлаудың мерзіміне және Ата заңның талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым. Осы науқан елдің бүкіл саяси жүйесін түбегейлі өзгертіп, сайлау кезеңін бастап береді. Сол арқылы экономикамыз тұрақты дамытуды, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін уақыткерлікті міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады», – деді Президент.



2022 жылдың мамыр айынан бастап облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен денешынықтыру және спорт басқармасы біріктіріліп, жаңадан облыстық мәдениет және спорт басқармасы құрылған болатын. Аталған министрлік Сыр бойындағы зор әлеуетке ие дәстүрлі өнер түрлерін одан әрі жетілдіру, бұқаралық спортпен шұғылданушылар қатарын арттыру, мәдениет пен спорт салаларын әлемдік кеңістікке шығару үшін олардың республикалық, шетелдік түрлі фестиваль мен байқауларға, біріншіліктер мен спартакиадаларға қатысуына қолдау көрсетіп келеді.

Кеше Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді. Іссапар аясында Дәурен Абаев аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұшыммен бірге Қызылорда қаласындағы «Мұз айыны», «Тарпан» спорт кешенінде мәнерлеп сырғанау, грек-рим күресі, жерік гимнастика, ауыр атлетика, бокс, таеквондо секцияларының жұмысымен танысты.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде болған Дәурен Әксербекулы музей заңдарының тарихтан сыр шертен жадгерлер арқылы өмір тарихының өткені мен бүгінгі білді.

Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында облыс тұрғындары ерек сала мамандарымен кездесіп, еркін форматтағы жүйесінде мәдениет, өнер, спорт салаларының өзекті мәселелері ортаға салынып, шешу жолдары айқындалды. Әбділда Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханада ұйымдастырылған шараға министрліктің лауазымды тұлғаларымен қоса Парламент мәжілісінің депутаты

Жанарбек Өшімжанов та қатысты. Биыл еліміз үшін де, өмір үшін де айшықты оқиғаларға толы жыл. «Өн падишасы» атанған Роза Бағланованың 100 жылдығына, өңір-композитор Батырхан Шүкеновтің 60 жылдығына арналған республикалық өңірлер конкурстары мен «Ақжүз» республикалық бишілер байқауы ұйымдастырылып, облыс

орталығына Төкеаевтың танырмасы бойынша халықпен тұрақты кездесулер «Жаңа Қазақстанның» жақсы белгісі болуы тиіс. Бұқаралық спортты дамыту еліміздің болашағы үшін де, жастар мен ішкіентай бұлдіршілер үшін де маңызды. 2022 жылы облыс тұрғындарының тұрақты спортпен шұғылданушылар санын 38 пайызға, 2025 жылға дейін 50 пайызға жеткізуге тиіспіз. Осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуі керек. Сонымен бірге 2024 жылы Францияның Париж қаласында өтетін Олимпиадалық ойындарда облыс спортшыларының жолдауына қамтамасыз ету міндеті тұр», – деді министр.

Дина БӨКЕБАЙ

## МӘДЕНИЕТ МИНИСТРІ – МІНБЕРАЕ

Роза Бағланованың ескерткіші орнатылды. Сонымен қатар Қазақстанның Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовті еске алу шарасы, республикалық ғылыми конференция өткізілді. Бобби мола, ортағасырлық Жәнібек, Сағынқұл шайқастарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Мұның бәрі – өңірдегі мәдениет және спорт басқармасының жүйелі жұмыстарының дәлелі. Біз мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа

## ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ – КӘСІПКЕРГЕ ҚОЛДАУ

Жақында кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурстың нәтижесі шықты. Осы жылы облыста жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант тағайындалып, оған жалпы қоры 120 млн теңге қаржы бөлінген. – Конкурс таңдау іріктеу өткізу үшін биыл облыс әкімінің өкімімен арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамына жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми білім беру мекемелері, салалық сарапшылар, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері енгізілді. Жалпы 11 адам болды. Комиссия шешімі негізінде 1 тамыз бен 19 тамыз аралығында қолдау кз цифрлық платформасы

Мемлекеттік маңызды бар мәселелердің, соның ішінде жұмыссыздық көрсеткішін азайту, ішкі нарықты қамтамасыз ету, экономиканы дамыту сынды салалардағы көп сурақтың шешімі – кәсіпкерлікте. Президенттің сөзінше, бүгінгі күні кәсіпкерлік ел экономикасының қозғаушы күшіне айналды дегуге толық негіз бар.

арқылы құжат қабылданды. Комиссия қарауына нақты грант көлемі 3 млрд теңгені құрайтын 673 өтінім енгізілді. Мұндағы осал топтағы азаматтардың үлесі 30,5 пайызға құрады. Ал жас кәсіпкерлер 213 өтінім тапсырды. Комиссия отырысы 31 тамыздан 8 қыркүйек аралығында өткізіліп, аудандарға, аудандағы кәсіпкерлер жобаларын онлайн, ал қала кәсіпкерлері офлайн таныстырды. Жалпы, қандай талаптары бойынша комиссия мүшелері жобаны 5 жұмыс күні ішінде қарап, qoida.kz платформасында әрбір жобаға дауыс береді. Нәтижесінде жалпы 92 млн



667 мың теңгеге 26 жоба қаржыландыруға ұсынылды, – дейді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков. Комиссия төрағасы, «Datalife» ЖШС директоры Дімірхамед Абызов: «Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес конкурста тапсырылған

жобалар іріктелді. Өрбір бизнес жобаны тереңінен сарапал, жан-жақты зерделеп, зерттеп барып шешім шығардық. Ұсынылған өтінімдердің 50-ден астамы жобабайың, қондырғы өнім өндіруге, 60-тан астамы ет, балықтан жартылай фабрикалар дайындау, сүт өнімдерін өңдеуге, 75-і тіпін түтеу, 17-і жиһаз өндіруге, 38-і СТО, вулканизация, автожүзу және детальлігі қызметтеріне бағытталған», – дейді. Комиссия мүшелерінің айтуынша, өсімден деінгі тәжірибе бойынша іске асырылған, тиісті жұмыс орын құрмаған, бұрын қолданыста болған, ескі құрал жабдықтарды сатып алған, тіпті, қаражатты алып, өз мүддесіне жұмсаған жағдайлар да кездеседі. Жобаны ұсынып, қайтарымыз қаржыға ие болсам дегендердің көбісі басқарумен делігізген кәсіпшінің жауапкершілігін түсінбейді. Қайтарымыз қаржының да сұрауы бар. Ұсынылған жобаның да жауапкершілігі жоғары. Конкурсқа қатысқан бағ, қызығушылығын көрсеткен ескерген жөн.

Дина БӨКЕБАЙ

## СТУДЕНТТЕРГЕ ШЕБЕРЛІК САФАТЫН ӨТКІЗДІ



Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әбенов «Жетістіктер формуласы» атты шеберлік сағатын өткізді. Қорқы ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттері сарайында Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әбенов білім алушылармен кездесіп, тұлғалық даму бағытында сөз қозғайды. Жынында жастардың мақсат қойып, еңбек етуі, қоғамдағы белсенділікті арттыру мәселелері талқыланды. «Қоғамда жастардың орны бөлек. Еліміздің дамуы, болашаққа деген сенімді көзқарастың қалыптасуы жастардың әлеуметтік-мәдени ұғымдық болмысымен тікелей байланысты. Елдің болашағын айқындайтын да – жастар қауымы. Қазір олардың жұмыспен қамтылуына, кәсіпкерлікпен айналысуына бағытталған мемлекеттік жобалар жетерлік. Ең бастысы жастарда жер, өзгеріске бастайтын батылдық пен ынта болуы керек. Түрлі бастамаларға азаматтық позициясын танытып, интеллектуалдық потенциалын тиімді пайдаланатын білім алушылар мықты тұлға болып қалыптасады», – деді Мұрат Абдуламұты.

Сондай-ақ, студенттердің дамуы үшін ортаның ықпал ететінін ерекше атап өтіп, жастар оқуы тиіс кітаптарды ұсынды. Кездесуде университеттегі жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі Нәбиден Марат бөсенді жастарға ардайым қолдау бар екенін жеткізді.

«Қазіргі кезде оқу орнында 22 жастар ұйымы жұмыс істейді. Білім алушылардың білім және ғылым, мәдениет, спорт салаларында ғана емес, әртүрлі бағытта дамуы үшін түрлі жобалар атқарудамыз. Бір сағатқа қызғатып жастардың өз идеяларын бөлісіп, бірге еңбек етуі көп нәтиже береді. Бүгінде университеттің дарынды жастары халықаралық және республикалық жарыстарда ел абыройын асқақатып жүр», – деді Нәбиден Маратұлы.

## ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТКІЗІЗ КЕЛЕ МЕ?



Қазақстанның Жастар ақпараттық қызметі «Қазақстандық тағылымдама бағдарламасына» қатысу үшін екінші топтамын ашады.

Бұл – Қазақстанның кез келген қаласындағы жетекші коммерциялық емес ұйымдарда, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік жауапты бизнес компанияларында 1-3 апта бойы ұйымдастырушылар толық тәлім-тәрбиені көбіні тағылымдамадан өту.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасының азаматтығы және шетелде тұруға кету жоспарының болмауы, азаматтық қоғам деген не екенін түсіну, волонтерлік қызмет тәжірибесі немесе алдағы 5 жылда коммерциялық емес ұйымдарда, тәуелсіз БАҚ-та және әлеуметтік жауапты бизнес-компанияларда жұмыс істеу ниеті, қабылдаушы ұйымға пайдалы болуы мүмкін қызығаттардың немесе тәжірибенің болуы, тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша өтіншіте жоспарланған және іспатталған нақты нәтиже.

Тапсыру мерзімі: 2022 жылғы 30 қыркүйек, Астана уақыты бойынша 00:00. Барлық сұрақтар бойынша: +7 708 364 20 33, yenselov@ab9@gmail.com. Тольғырақ мына https://misk.org.kz/.../85113639-008d-4e07-825b.../сілтемеде.

## БРИФИНГ

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ВСІМІ ҚАРҚЫНДЫ



Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі – зейнетақы. Бұл проблеманы шешу күн тәртібінен түспесе де, елі де қоғамда сан сурақ бар. Кешегі Мемлекет басшысы жолдауының бірінші бағдарында өйелдердің зейнетке шығатынын жасын қысқарту керек екені айтылды. Ауыл медицинасына, азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруге және қолдауға да ерекше көңіл бөлінбек. Бұл ретте Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департамент басшысы өзгерістерге тоқталып, сурақтарға талдау жасады.

– 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2025 жылға қарай зейнетақының 27 проценті өсіру міндеті тұр. Яғни 3 жыл ішінде 109 мыңнан 138 мың теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік беріледі, – деді Ертілеу Шынтаусұлы.

Осылайша, зейнетақының өсу мөлшері жыл сайын 13 процентті құрап, барлық 2 млн зейнеткерді қамтитын болады. Аяға кету керек, осы аптада Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова өйелдердің 58 жастан зейнетке шығуына қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, қазір өйелдердің зейнетке шығу жасы төмендеп, ең аз зейнетақы төлеу немесе тек зейнетақы көлемін арттыру мәселесі қарастырылып жатыр.

Дос ТАБЫЛДЫ

Бұның дерті басқаларға тұқ ұқсамайды. Тіпті он бес жылдан астам бір төсекте қатар жатқан қосағы да осыны түсінбей-ақ қойды. Жасы қырықтан асқан күйеуінің шынымен кісілік болатындай себебі не? Енесі де осы жалғызның кісіге жұтыспайтынын білетін. Біле тұра сөйлейтін.

— Қарағым-ау, шағын ауылдағының көбі өз ағайынның. Анау әкемнен немере Шәріпбайдың ұлы мына Қазалыдан қыз алып қашқанға ұқсайды. Кешірімі беріліп, келім-кетімі саябырыпты. Енді ертең беташары, кешке тойы. Қатыныңды ертіп барып неге қызмет қылмайсың? — деп еді-ау қайбір жеті. Оны елең қылған ұл қайда?

— Ай, апа-ай, ендігі қалғаны Шәріпбайға қызмет қылу қалып па? Менен басқасы да жетер. Өзіңіз тойына қатысарсыз. Барса, келіңізді жібер, менен рұқсат, — деген Матығұлдың сөзін әйелі Күнзіраш та естіген.

— Ее, бауыр өзіндікі, қарам. Ағайынмен араласпасаң жаққа айналасың. Көрі сүйегімді сүйретіп мені қашанғы жүрер дейсің? — деген енесінің сөзіне селт етпей еді күйеуі шіркін.

Күнзіраштың әлі есінде. Келін боп түскелі осы үйден туыстың бар қуанышы мен қайғысына енесі екеуі баратын. Матығұлдың мұндайға мүлде жоламайтынын білгенде әдепінде таңырқаған. Әрі-бері көңдірмек болып еді, алдигенен дауыс естіді. Біртоға, көп сөзге жоқ күйеуімен көп жауаттаса қоймайтын Күнзіраш одан кейін бұл әңгімеге бармаған. Келе-келе өзі де үйренді. Жақындарының тойы мен қазына енесін жөтектеп кете беретін.

Мектептен соң оқуға құлықсыз болған Матығұлдың бар ойы — қайтсе де баю еді. Дүние жинап, мал басын құрап, жоқ дегенде орыстың «Ивасын» желдіріп жүрсең дейтін. Содан шығар, үйіне келіп, алдене сұраған ауылдастарына «жоқ» деген сөзді жиі айтатыны.

«Бұл жұрт неге сұрамсақтана береді?» дейтін ішкі ойы кейде тіз арасынан сыздықтай боқтық сөзбен араласа шығады. Өрине, сырттай солай кіжінеді.

«Ешкімге ештеңе бермей, ешкіммен қатыспай-ақ отырайын. Өйтпесе, бұл ағайын маған қара жинатпас». Матығұлдың ішкі түсісі осы. Кейде апасымен осыған бола сөзге кеп қалады. Ауылда той болмай тұрмайды.

Тумақтың өлмегі және бар. Мұндайда жақын ағайынның қуанышына ортақтасып, ақша апаратыны рас. Болмаса ауылдағы жұрт мал атап жатады. Қайғы орын алған шаңыраққа да осы көде-қаумет жүреді.

— Қали атаң қайтыпты. Әкең өлгенде жамбасы жерге тигенше қызмет қылып еді. Көңіл айтып барып шық. Ана қорадағы көп жандықтан біреуін ата. Сойсаққа қондылауын бергенің дұрыс қой. Арық-тұрық мал атапты деген сөз естігім келмеді, — деген Салиха шешесіне Матығұл күңк еткен.

— Қали көкеме мал атамасаң болмайтын ба еді, апа? Бір он мың теңге мен екі метр шубереңді бере

берсеңізші. Ана жаққа Қали тұрмақ одан зоры кетсе де мал жоқ.

Күнзіраш сонда қатты ренжіп еді. Үнсіз қалған енесінің көңілін қалай ауларын білмеген. Матығұлдың мұнысы несі?! Қали атамның шаңырағынан басқа бұларға қандай ет жақыны бар? Осындай сұрақтың жауабын іздеп таппаған Күнзіраш та. Күйеуінің қылығына көпке дейін іштей ренжіп жүрді.

Ене байғұс іштен шыққан соң шығар, ұлымен артық-ауыс сөзге бара қоймайтыны. Бір-екі рет ескертуді, оған мойын бұрар Матығұл болмаса, қалған шаруаны келініне өмір беріп істетін. Үкімет берген аз зейнетақының көбі жақын ағайынның қызық-шыжығына кетсе де қабағын шытқан Салиха кемпірді көрмейсің. Марқұм шалы да қонақжай еді, көп жанды отбасыдан шыққан бұл да жастай осы шаңырақты аттап, күн-түн демей қонағын күтіп,

Ал Матығұлдікі? Өлгі іші кепкір құрдасы бұны «іодден аллергиясы бар» деп бір отырғыста қағытқан. Сөз осыдан шығып, азан шақырылған есімге «Аллергия» атауы жабыссын енді. «Аллергия» Матығұл. Өзі де жоламай, өзгені де жолатпайтын мүл мінездің тауып берген теңеуін қарасаңызшы...

Бұл атау да Матығұл ана дүниеге кетем дегенше айтыла берер ме еді, кім білсін, мына бір оқиға орын алмағанда...

Иә, Матығұл өзгермесе еді? Бірақ өзгерді. Өзгерген сол бір жағдай. Көңілің де өшпестей із қалдырыпты.

Бір жыл бұрын шешесі «табылмайтын түіесін қарап кеткен». Ағайын арасына сыйлы қарияны Күдекең де көп зүреге салмапты. Түсініксіз шәйдан соң кішкене мызғып алатын Салиха кемпірдің «басымның шаншұын-ай» дегенін Күнзіраш келін ғана естіп еді. Бесін уақытында аһылау-

Салиха кемпірдің қазына бей-жай қарай алмаған сияқты.

— Иә, кластарың ұйымшыл екен, Матығұл. Апаңның басын қарайтуға осылар берген ақша да жетіп қалады-ау. Цемент пен кірпішті Қазалыдан менің газигімен алып келерміз. Тәуекел, апта соңында осыған кірісейік.

— Мақұл, — деген бұл да. Расы керек, Матығұлға мұндай жөн-жоралғы мен той-қазда атқарылар істің қай-қайсысы да беймәлімдеу. Содан шығар, Бекболаттың әр сөзіне тек бас шұлғи берген.

Сол күні кешке тұншығып ұзақ жылады. Өрі шын жылады. Күнзіраш та үндемеген. Тіпті мөу деп бір үн қатпады. Қосағының ішкі қиналысын өлең шығарып алғаны ол да қалғандай.

«Апамның аруағын сыйлады-ау бұл жұрт. Өйтпесе, мен кімнің шіркісі едім? Осы кезге дейін кімге қайырым тиді? Тым өлермендікпен өзіміш болып, боқ дүниені қуғанда тау тұрғыздым ба? Ешқашан да. Бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір ағайынның той-қуанышына да қатыспаптын. Өлім-жітіміне көңіл айтпаптын. Сондағы шыққан ұшағым не? Сырттай сыйайтын ағайынның айтатынындай-ақ бар екен-ау кіне өзімде...» Ішін өртеп өткенді болды әлдене. Бір бөлмеде жалғыз өзі дөңбекшіп жатып, таңға дейін солығын бас алмаған еді сонда Матығұл.

Осы жайттан кейін қой Матығұлға мың өзгеріс пайда болғаны. Шешесінің жылды асынан соң Шәріпбай шал да ұзамаған. Сексенге тақал қалған қарттың ескі дерті — сол баяғы шаншу еді. Ақыры алып тынды.

Хабар келгенде Матығұл азаны шайды енді аузына апа берген. — Маке, Шәріпбай көкем кетіп қалды ғой. Соны хабарын жеткізіп жүрмін, — деген рұлас інісінің сөзін естігенде қолындағы кесесін түсіріп алды.

— Не дейді мынауың, шал кеше ғана почтадан пенсиясын алғалы тұр еді ғой. — Түнде ұстапты. Сол баяғы колхозда жылқы бағып жүргенде тапқан шаншуы ғой. Балалар қалаға алып кетпекші болған екен, өзі қарсы болыпты. Өлі бір сағат болмады қайтсы болғанына.

«Апам сияқты көп қиналмасаң кетіпті Шәкем де». Басына бірінші келген осы ойды лезде ысырып, Матығұл суық хабар әкелген інісіне «мен қазір жетем» дегеннен басқа тұқ демеді. Ол кетісімен көз жасын өлтіңде ғана сығып алған Күнзірашқа «жиналайың» дегені.

— Қайда? — Қайдасы несі? Шәкемнің үйіне. Барып қызмет қылайық. Сояр малы мен басқа да тіршілігіне жәрдемдесейік. «Бұл қазақ өлікке көніп айтып келгенмен, бірі жылап, бірі сынап келеді» дейтін еді апам. Ағамның сөзін рәсімден мен жүрмесем, кім жүреді?

Күнзіраш Матығұлдың бетіне аңыра қараған. «Мынауың шынымен біздің бай ма еді?» дейтіндей таңырқаулы көзқарас.

— Ой, неменеңе бақыра қалдың. Балалардың түсік тамағын дайында да аттырмаған кел. Мен өзім бара берейін... Сол күні Матығұл Шәріпбай шалдың қазына екі сыйлығын бірін жаздырды. Екі білетік сыбана мал сойып, жіліктеп те үлгерді. Көңіл айта келгендермен де көрісе жүріп, қорымдағы мәңгілік жатар орын дайындауды жақын інілеріне тапсырды. Мәйіт алдындағы тірінің міндетін түгелдей атқармаса да, араласып баққан. Өрі бұның бәрін шын көңілден жаныға жүріп істеп еді-ау.

Қызығы сол, Шәріпбай шалдың қазынасын кейін елдің аузындағы сөзі Матығұл болған. Суыртпақ жіп сұраса бермейтін сараң жігіттің бұл қылығы көп ағайынды сарсаңа салып қойғанын енесі жасырайық?! Тіпті Күнзіраштың өзі күйеуінің бұл өзгерісін неге жорырын бермей бірталайға дейін жүрді.

Кейіннен көп уақыт өтті. Қай ағайынның қызығы мен шыжығында Матығұл мен Күнзіраштың жүретініне елдің көз әбден үйренді. Ал кейде өзі білетін «Фатиха», «Ықыласты» оқып, балаларымен бірге әке-шешесінің басынан ауылға қарай аяндаған бұрынғы «аллергия Матығұлдың» мен де жиі көремін. «Аллергиядан» аяқтығырған өз ағайыны екенін ол да іштей білетін секілді...

# АЛЛЕРГИЯ

дастарханды келін атанды емес пе?! Тамағына бұрын қабағын ұсынар Салиханьң қонақ күтісіне ата-енесінен бөлек, әулетке жақын қайнаға-абысыны түгелдей риза еді-ау. Бұл күнде сол жасандардың жер астына кеткені қай заман? Айтсаң бәрі ертегі. Кісі жатырқамайтын Салиханьң кейде осыны жиі ойлап, жалғыз ұлдың жайына алаңдайтыны бар.

Матығұлдың жаратпайтыны осы. Өзі жеке шаруашылықтың жұмысын да жүріп, айлығын жырғышылап мал жиды. Екі сиыр, бір тайышына, жымырма шақты қой-ешкі. Күнзіраш жұмыссыз. Шешесінің зейнетақысын азық-түлікке жаратып, тете ескен екі үл мен қыздың мектепке барар киімін түгелдеп жүргені. Ал ағайын арасындағы той-құдайы холыда қайсысына мал атап, ақша беріп жүреді бұл. «Апам да тапқан екенбіз ақымақты. Бір атадан тарайды екенбіз деп жиған дүниесін осындайға жарата берсе не қалмақ?». Ойы солай Матығұл шіркіннің.

Дүние жинаймын деп тыраштанған Матығұл үйленген соң бірге оқыған кластарымен де араласудан қалған. Кей-кейде қисаландан келген екі-үш құрдасын ит қосып қуғаны бар. Күнзіраштың өлдердей ұялғаны-ай сондағы. «Құдай-ай, көп болса, бір аяқ бермешелін жеп, бір шынысын ғана ішер. Неге өйттің?» деген бұған Матығұлдың жауабынан бұрын құлаштай лақтырған керзі етіп жеткен. Жалтарып үлгерді.

— Не сандалып отырсың? Бұлар бір дәнкісе, үйіннен шықпай... Соларды суарып отыратын арағың толып тұр ма еді?!

Түкірігі шашырай жындана айқайлаған күйеуіне Күнзіраш бұл жолы да қарсы келмеген. Үндемей құтылды.

Содан кейін ғой бұған лақап аттың танылғаны. Қуақы бір кластың «Аллергия» депті. Алғашында Матығұл бұған шамданып жүрсе де, кейіннен қуағы үйренді. Кейде «Ел не демеді, есек не жемеді, әкесінің тап аузы, оған басымды ауыртып ал» дегендей қасақы мінезбен қасқайып жүре беретін.

«Аллергия» атануының себебі жоқ емес. Адам шіркін түрлі жемістен, шаңнан, ыстықтан, әйтеуір бір дүниеден аллергия болып жатады ғой. Түшкіртіп-пысқыртып, мазасыз күйге түсіретін бұл аурудың машақаты көп.

үйлеуі көбейді. Бұл кезде жұмыстан орапқан Матығұл да шешесінің бұрын-соңды бұлай ауырғанын көріп, абыржыңырап қалған.

Салиха күн ұясына қона бере үзілді. Кетерінде бір-екі ауыз ғана сөз айтты. «Ағайыннан ажырама, жалғызым. Мені әкеңнің қасына жайғастырған соң... Иә, солардан қол үзбе...»

Осыны айтты. Бырқ-бырқ етіп жылаған Матығұлға «апам-аулаған» Күнзіраштың қосыла шыққан зарлы жоқтауын көрші-көлем түгел естіген еді. Біртіндеп ел ішіне жайылған қаралы хабардан соң қазалы үйге ауыл адамдары аяндай берді.

— Сүйегі асыл ғой, жеңешемнің, — дейді көңіл қос айта келген әрі туыс, әрі рұлас ағайынның үлкені Шәріпбай. — Ешкімге салмақ салмастан, ауырмай-сырқмай кете барыпты-ау жарықтық... Солай деп қол орамалымен жасаурай көзін сурте сөзін қайта жалғады.


— Шырағым, Матығұлжан, Салиха саған шеше болғанмен, мына маған жеңге, мына отырған ағайынның біріне апа, біріне шеше іспетті еді. Алланың өміріне шара не? Жазмыштан озмыш жоқ. Бұйрық келді ме, талқаны таусылған қай пендені де бұл жалғанда тұрмақ емес. Ендігі мәселе — жеңешемді оң жаққа орналастырып, шамамызша көде-қауметімен аттандыру. Сүйегіне түсетін адамды реттерміз. Ана сырттан келер жақын-жуыққа хабар бергіз, қонақарасы мен намазына сояр малды даярла. Ләк (көр) қауға жігіттерді мына Бекболат ұйымдастырар. Ал, ағайын, бұл шаруадан ешқайсысың да қалыс қалушы болмаңдар!

Сөзінің соңын қытқылдау аяқтаған Шәріпбай шалдың сөзіне барлығы да кеу-кеулесіп, қосыла кетті. Ауылдағы үлкен сөзінен аспау дейтін тәрбиеден бұл жиналғандар мақұрым емес еді.

Шешесінің ағайыннан бөлек, ауыл ішіне сыйлы екенін сонда көрді емес пе, Матығұл? Сүйекті ауыл сыртындағы қорымға қойғанша барлығы тік тұрып қызмет етті. Шәріпбай шалдың өзі жеңесінің аруағы риза болсын деді ме, былтыр қысыр қалған қасақы сиырын атады. Енді бір туыстары қазалы үйдің қажетіне деп ақшалай тапсыруда. «Жетісі бар, қыры не жүзіне соярсың» деп рұласы Бекболат та екі жасар тайығын бұның қорасына қамаған. Ағайын жабыла кетсе, жыртқы көңілдің жамалатынын сонда білді Матығұл. Көршілері әр бейсенбілікке сояр ұсақ малды өз аттарынан қағазға тізіріп жатты.

Салиха кемпірдің жамбасы жерге тиген күннің ертеңіне Бекболат тізім жазылған дәптер мен жиналған қаржыны Матығұлдың өзіне тапсырған. Есептеп, барлығын төміштеп түсіндірді. Ірі қара мен қой-ешкі атаған туыстарын атап көрсетті. Сондағы Матығұлды таң қалдырғаны кластарының жинаған қаржысы. Бақандай 200 мың теңге. Әдейілеп әрқайсысының аты-жөнімен тізіпті. Тіпті анау Алматы мен Жамбылдағы Сәбит пен Нұрлан да

Ержан ҚОЖАС





## АЛДИЯРДЫҢ АСУЫ



«Румын елінен ақжолтай жаңалық жетіп, төбеміз көкке бір елі жетпей тұр. Мамайда шахматтан өткен Әлем чемпионатында спортшымыз Алдияр Аңсат қола медаль иеленіп, ел абыройын асқақтатты. Бұл орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлесімізді құттықтады.

Әлемнің әр түпкірі қосқан ең мықты 760-қа жуық спортшының ішінде Қазақстан, оның ішінде Қызылорда өңірінің шахматшысы оза шапты. Оның 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы сайыстан ІІІ орын иеленуі біз үшін алтынға бергісіз жетістік. Алдияр чемпионатта 11 ойын өткізді. Оның 8-і жеңіс, 2-еуі тең ойын. Айрықша айтуым керек, ол шахматтың отаны – Үндістан үкілен қосқан шеберді шаң қаптырып кетті. Демек, Алдиярға тең келер қарсылас болмады деп батыл айта аламыз. Сонымен біз шахматшымыз 8,5 ұпай жинап, Сыр елінің спорттық қоржынына тағы бір қола медаль қосты. Алдияр, сен Қазақ елінің, Сыр өңірінің бағына бұйырған жұлдыз бол!, – деп жазды облыс әкімі құттықтауында.

## БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ



Шымкент қаласында баскетболдан 2005-2006 жылы тұған жасөспірімдер арасында ҚР чемпионаты өтті. Онда Қазақстанның әр түпкірінен келген 9 команда бақ сынады.

Тартысты өткен баскетбол бәсекесінде Қызылорда облысының командасы І орын алып, алтын медальді қанжығасына байлады. Айта кетейік, бұл – Сыр спортшының тарихындағы алғашқы жеңіс. Бұған дейін баскетболдан облыстың жасөспірімдер командасы ел чемпионаттарында топ жармаған.

– Бұл жеңіске біз 4 жыл дайындалдық. Өйткені «Covid-19» пандемиясы біраз уақыт чемпионаттың тоқтауына әкелді. Балаларды қайтадан бәсекеге қабілетті деңгейге шығаруға тура келді. Сөйтіп, оларды дайындықтың барлық кезеңдерінен қайта өткіздік. Ал жарыста бұған дейін жасаған қателіктерімізді түзеуге мүмкіндік алдық. Нәтижені көрдіңіздер, айқын жеңіске жеттік. Бұл – тарихи сәт. Қолдау білдірген барша жандарға алғыс айтамын. Өйтпесе, мұндай жетістікке жету қиын еді, – деді команда жаттықтырушысы Александр Жавзмагин.

## ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІСІ



Чехияның Пардубице қаласында каратэ WSF бойынша Әлем чемпионаты өтті. Жарысқа 32 елден 2000-ға жуық спортшы қатысты. Көрi құрлықта Қазақстан ұлттық құрамасынан 30 каратэшi бақ сынады.

Айтулы додаға Сыр елінен аттанған спортшылар жеңіс тұғырынан көрініп, ел мерейін асқақтатты. Нақтырақ айтсақ, қызылордалық каратэшiлер 5 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль иеленді.

Мұнда ересектер арасында 60 келi салмақта Қонысбек Әлішәріпi, 67 келiде Дәуренбек Берманов, 75 келiде Дамир Камил, 84 келiде Асқұлхан Ғалымi, жасөспiрiмдер арасында 66 келi салмақта Олжас Мұхит алтын медальға ие болды. Ал 67 келi салмақ дәрежесінде Ғабиден Ұрынтаев күміс медальды қанжығаласа, осы салмақта Айбек Мереєв пен Бақдәулет Құбаб қола иеленді.

– Біз бұл чемпионатқа біраз уақыт дайындалдық. Бұл жолы оңай болған жоқ, өйткені қарсыластарымыз мықты болды. Бірақ жеңісті қолдан бермей, 5 спортшы Әлем чемпионы болып оралды. Алда талай жарыстар болады, өзiмiздiң мықтылығымызды өлi де дәлелдейтiн, – дейдi спортшы Олжас Мұхит.

Беттi дайындаған: Е.ШӨРІБЕК

Бүгін футболдан Қазақстан құрамасы ұлттар лигасының 5 турында Беларусьпен сығна түседі. Бұл ойында Могомед Адиев шәкірттері ұпай еншілейтін болса, топтан І орынға ие болады. Топтық кезеңде Словакия, Әзірбайжан сынды құрамаларды жеңіп, сенсациялық нәтижеге қол жеткізген ұлттық құраманың бұл ойында қарқыны қандай болмақ?

### КІМДЕРГЕ СЕНІМ АРТАМЫЗ?

Бас бапкер Могомед Адиев ұлттар лигасының 5 және 6 тур ойындарына дайындықты ерте бастады. 16 қыркүйектен бастап оқу-жаттығу жиындарын өткізіп, шәкірттерін жауапты матчтарға пьсықтады. Сонымен Беларусь пен Әзірбайжанға қарсы ел намысын қорғайтын футболшылар:

Қақпашылар: Игорь Шацкий («Шахтер»), Мұхаммеджан Сейсен («Тараз»), Бекхан Шайзада («Ордабасы»).

Қорғаушылар: Сергей Малый, Александр Марочкин, Бағдат Қайыров (барлығы – «Тобыл»), Елдос Ахметов («Тараз»), Михаил Габышев, Талғат Көсепов (екеуі де – «Астана»), Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Темірлан Ерланов («Ақтөбе»), Нұралы Өліп («Зенит», Ресей).

Жартылай қорғаушылар: Юрий Логвиненко, Рамазан Оразов (екеуі де – «Ақтөбе»), Асхат Тағыберген, Самат Жарынбетов (екеуі де – «Тобыл»), Аслан Дарабаев, Тимур Досмағамбетов, Исламбек Куат (барлығы – «Астана»), Ян Вороговский («Моленбек», Бельгия), Бахтиер Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Эльхан Астанов («Ордабасы»),

Әділет Салдыбеков («Қайрат»), Шабуылшылар: Абат Айымбетов («Астана»), Абылайхан Жұмабек («Тараз»), Артур Шушеначев («Қайрат»), Роман Муртазаев («Шахтер»).

### ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстан құрамасының бірнеше ойыншысы Беларусь пен Әзірбайжанға қарсы дайындықтарына тоқталды. Ел біріншілігінде мығым шабуылшыға айналған Абылайхан Жұмабек ойынға тас-түсін дайын.

– Көңіл-күйіміз керемет! 16 қыркүйекте жиналдық. Содан бері бірнеше жаттығу өткіздік. Ұлттық құрамадағы команда-ластырымызды сағынып қалыппыз. Бөрінің көңіл-күйі тамаша. Әрдайым ұлттық құрамаға шақыртылу мен үшін мотивация. Өткен циклдегі ойындарға қатыса алмадым, алдағы матчтарда алған шығамын деп үміттенмін. Маусым айындағы ойындардан кейін чемпионатта жақсы өнер көрсеттім. Бұл жолы ұлттық құрамаға мүлдем басқа күшпен, ерекше тапқыныспен келіп отырмын. Әз алаңымызда Беларусьпен болатын матчта тек жеңіс үшін ойнаймыз, – дейді

шабуылшы.

Қорғаушы Михаил Габышев қос құрамамен өтетін кездесудің маңыздылығына тоқталды.

– Өзге елдің біріншілігінде өнер көрсететін құрамадағы футболшылардың қатары жыл санап көбеюде. Бұл өрине қуанатын жағдай. Олардың құрамаға қосар үлесі зор. Жалпы барлық футболшылар екі матчты асыға күтуде. Қазақстан үшін қаншалықты ерекше және маңызды екенін спортшы ретінде түсінеміз. Біз қалаған нәтижеге жету үшін бар күш-жігерімізді саламыз. Өрине бір-бірімізді сағындық. Бірақ әрқайсымыздың өз клубымыз, өз жұмысымыз бар, ол жақта жүріп команданың алға қойылған мақсат-міндетін шешуге көмектестік. Енді біз ортақ мәселемізді шешу үшін осында жиналдық. Жанкүйерлердің қолдауына баға жетпейді. Топтық стадион жиналып, бізді қолдайды деп сенеміз, – дейді Михаил.

Топтық кезеңде өткен төрт ойында қақпасын сәтті қорғаған Игорь Шацкий ел біріншілігінің соңғы ойындарында жарақат алып, жанкүйерлерді сары



ҚҰРАМА



ҚҰАНТА МА?

уайымға салған еді. Алайда Шацкий ұлттық құраманың жаттығуына оралып, денсаулығында кінәрат жоқ екенін жеткізді. – Менің жарақатым жағымсыз жағдай болды, бірақ мен бөріне шыдап, дұрыс қабылдадым. Қазір бұған дейін Беларусь құрамасын бұған дейін жеңбегенбіз. Енді қалай болатынын көреміз.

жаттығу процесі жооптары түрде жүрді. Қарқын өте жоғары, әр жаттығу күреске толы, өйткені белорустар мыңғы команда. Менің ойымша, біз бұл матчты жақсы өткіземіз. Өрине, әлі де алаңдаушылық бар, өйткені біз Беларусь құрамасын бұған дейін жеңбегенбіз. Енді қалай болатынын көреміз.



## БЕЛГРАДАҒЫ БӘСЕКЕ

Сербияда күрес түрлерінен әлем біріншілігі мәресіне жетті. Жарыстың соңғы күнінде қыздар әлем чемпионатының жүлделерін сарапқа салды. Әлем үздіктері бөзілемге беттегенімен төрт мемлекеттің өкілдеріне ғана бас жүлде бұйырды. Бұл бәсекеде Жапония құрамасының қарқыны жоғары болды. Күншығыс елінің өкілдері Сербиядан 5 алтын, 1 күміс және 3 қола медаль олжалады. Жарысқа келген тоғыз спортшының барлығы да жеңіс тұғырына көтеріліп, 100 пайыздық көрсеткішке қол жеткізді. Қоржынында 3 алтын, 2 күміс және 2 қоласы бар АҚШ құрамасы жалпы есепте екінші орынды иеленді. Өрине, балуандық өнерде бай дәстүрі бар алпауыттың бұл табысына ешкім таңдана қоймады. Үшінші сатыға Молдова жайғасты. Алақандай мемлекеттің бұрымдылары бір алтын мен бір қоланы еншіледі. Төртінші орында бір алтын олжалаған Түркия. Сондай-ақ биылғы әлемдік доданың жүлделері Монғолия (2 күміс), Украина мен Қытай (1 күміс, 2 қола),

қарым-қабілеті жетті. Бұл жолы да Жәмила Бақбергенова өз жанкүйерлерін қуантты. Жәмила Оспода өткен әлем чемпионатында жалғыз өзі жеңіс тұғырына көтерілген еді. Биыл сол күмісті алғанға алмастыруды кездеген Бақбергенова жарысты

өте жақсы бастады. 72 келі салмақта әлемдік рейтингте көш бастап тұрғандықтан ақтық сайысқа жолдама алу үшін оған екі кездесу өткізу жеткілікті болды. Алғашында өзбекстандық Светлана Оңазарованы, іпешала румыниялық Александр Ангелді айқын басымдықпен ұтқан Жәмиляның жолы финалда Амит Эломен қиысты. 19 жастағы америкалықтың пәлендей атағы жоқ болса да, аталған жарысқа оның керемет даярлықпен келгені бірден байқалды. Бастапқыда Амит украиналық Анастасия Альпеева мен туркиялық Бусе Тосунды қарсылас құрлы көрмеді. Жартылай финалда былтырғы әлем чемпионы, жапониялық Масакэ Фуруитиді ұсыынан жеңісті жұлып әкетті. Ақтық бәсеке басталған бетте Бақбергенова өрескел қателікке бой алдырды. Ол еш дайындықсыз аяққа ұмтылған еді, қарсыласы үстінен басып, ұпай еншіледі. Эло 1 минут 13 секунд аралығында айқын жеңіске қол жеткізді. Міне, осы бір ғана қателік Бақбергенованы бас жүлдеден айырды.





2015-2019 жылдары кәсіптік оқыту мамандығы бойынша білім алдым. Яғни еңбек пенінің мұғалімі. Бізге университет қабырғасында көпелердің түр-түрін үйретті. Өзіме киізбен жұмыс істеу ұнаған еді. Оның қыр-сырын

Өңірде бұл бағытты қолға алғаш кәсіпкерлік жасадым. Өзімнің ұстазым, киіз басудың қыр-сырын білетіндер баршылық. Алайда олар өз бұйымдарын арнайы көрмелерге ғана шығарып, ұсынып жүр. Ал кәсіп ретінде алғаш бастама жасап жатқан – сіңілім Гүлден екеуіміз. Кәсіпкерлерге мемлекеттен берілетін гранттар жобасына қатысқанда, ұтып алатыныма сенімді болдым. Егер грантты

көрек, алғашқыда киізбен тігілген дүниелерді сарансыз жоқ шығар деп қорқатынмын. Алайда уақыт көші алға жылжыды. Адамдар көп нәрсеңіз экологиялық тиімділігіне қарай бастады. Киіздің пайдасын білетіндер тапсырыс беруде. Өрине, пайдасын айтпағанда, біз заманауи, тұтынушының өзі қалаған стилінде тігіп береміз. Киіздің пайдасы – бір температураны тұрақты ұстауында, терлетпейді,

жүннің дыбысы күңгірттеніп, ақырын өсіледі. Жүні сапалы болған сайын созылып, ұзарып келеді. Киімнің көп киісуі бұрын бұл қасиеттің де үлкен маңызы бар. Жалпы түсінігенге киізбен тігілген киімнің пайдасы мол.

**– Өзіміздің өнім қашанда сұранысқа ие болуы тиіс. Кәсібіміздің маркетингтік жайы қалай?**

– Гүлден екеуіміздің тігіншілік өнеріміз де бар. Ине ұстап, осы өнерге икеміміз бар екенін байқаған соң бірнеше жылдан бері тігінмен айналысып келеміз. Өнеркәсіп ашсақ, киіз басудан бізге облыс бойынша бәсекелес жоқ. Қазақстан бойынша да көп емес. Себебі киіз басу, онымен киім тігу оңай дүние емес. Кәсіп бастайтын дәлтіңдер оңай нәтиже беретін тез жасалатын дүниеге қызығады ғой.

Instagram әлеуметтік желісін сауатты жүргізуді, сату курсы, маркетингологияны сіңілмен бірге оқыдық. Алдағы уақытта нәтижесін көреміз деген ойдамын. Vakzhangulden атты парақшамызда 28 000 оқырман, тұтынушымыз бар. Кәсібі контент те, күнделікті тапсырыс та – әлеуметтік желіден. Алдағы уақытта дизайнерлік киім тігуді, тігінді үйрету курсы ашу жоспарда бар. Кәсібіміз жүрген соң, әрі қарай дамыта түсемін. Әлеуметтік желі арқылы хабарласып, тапсырыс берген тұтынушыға кез көп елешмеде жасап береміз. Тұтынушы көлемін, түрін, түсін өзі таңдайды. Бірнеше жылдық тәжірибе мен кәсібі білім бар. Киізді мата түрінде шығарып, киімдер текмен деген жоспарымын да жүзеге асыруға аз қалды. Барлық қалаға жеткізу қызметі бар.

**– Сұхбатыңызға рақмет, Бақжан! Кәсібіңізді өркендеті беріні!**

Өңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ

# КИІЗБЕН КИІМ ТІГУ – ТЫҢ ИДЕЯ



**Тігіншілік – текті өнер, таптырмас дағды.** Алайда қолына ине ұстаған мен икемі бардың кәсіп бастауға батылы бара бермейді. Киізшылдарлық жас тігінші, кәсіпкер Бақжан Шайхыслам жақында ғана мемлекеттен қайтарымызсыз грант ұтып алды. Тігін өнерін киізбен байланыстырған идеясымен бөлісті.

**– Бақжан Кенішбекқызы, бұл салаға қалай келдіңіз?**

– Өр адамның өмірге келгенде өзіндік миссиясы болады. Ең басты мақсатымыз – бақытты адам болу. Шын мәнінде өзін қалауын іске асыра алған адам ғана бақытты. Жақсы көретін адамдарының жанында жүріп, сүйікті ісімен айналысқан адам ғана ешкіме жамандық тілемейді, ешкімнің өміріне араласпайды, жай ғана әр сәттен ләззат алады. Мен өзімнің сүйікті ісімді қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқып жүргенімде таптым.

ұстаздарымнан үйрене жүріп, бұл саладағы алғашқы қадамды жасадым.

Жамбыл облысынан меринос қой жүнін тапсырыспен алдырып, қыздарға арналған сәмекелер, қалпақ, қолғап, камзол, байпақ, түрлі аксессуарлар жасап, көрмелерге шығатынбыз. Университет көлемінде ғана емес, республикалық деңгейде ұйымдастырылған Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы байқауларға қатысып, бақ сыйлайтынмын. Тіпті, студенттік жылдары киіз басуға қатысты ғылыми жоба дайындап, қорғадым. Байқаулардан жүлделісі қайтпайтынмын. Осы көлөнер түрі ұнағандықтан кейін оқуды бітірген соң қосымша ақылы курстардан да өттім.

**– Киіз басу, одан киім тігу көптің ойына келмейтін дүние. Грант ұғатыныңызға сенімді болған шығарсыз?**

ұтып алсам, Қызылорда облысы бойынша кездік кәсіптік мақсатта шығаратын алғашқы кәсіпкер болатынымды білдім. Идеям жаңашыл. Нәтижесінде 4 миллион 368 мың 18 теңге көлемінде қаржыға ие болдым. Өрі қарай грант қаражатына киіз басуды оңайландыратын арнайы техникаларды сатып алып, кәсібімді кеңейтім келеді. Әлеуметтік желіні сауатты жүргізгенімнің арқасында әлі ашылмаған кәсібім бойынша тапсырыс берушілер жиналуда. Конкурс бойынша қайтарымызсыз грант ұтып алған 26 адамның қатарында болғаным үшін қуаныштымын.

**– Киіздің ерекшелігі мен тиімділігі неде?**

– Киіз материалы мезгіл таңдамайды. Табиғи талшық болғандықтан, жаз мезгілі кезінде де жібек, шифон сынды маталарға да басылып, жасала береді. Яғни әйелдерге арналған киім кейлетерді де тігуге болады. Қазір біз маусымға байланысты байпақ, жеиде сынды қысты киімдерді дайындап жатырмыз. Шыны

қыштыпайды, өте жұмсақ болады.

Киіз жасайтын меринос қойының жүнін «кізбек жүн» деп атайды. Оның құрамында ланунин деген май бар. Дәл осы май денені тыныштандырып, шаршағанды басып, массаж рөлінде қызмет етеді. Жүннің сапалы немесе сапасыз болуы, қой тұқымына байланысты. Бір тұқымға жататын қойлардың жүні де сапасы жағынан біркелкі болмайды. Қойдың күйіне, азықтандыру жағдайына байланысты жүннің сапасы да өзгеріп отырады. Меринос қойы жүннің мықтылығын оның дыбысына қарап та ажыратуға болады. Бір бөлек жүнді қолға алып созып тұрып, оң қолдың саусақтарымен жүннің орта шенінен домбыраның ішегіңдей етіп, бірнеше рет жылдам жылдам шертү керек, сонда жүн домбыраның ішегіңдей дыбыс береді. Мықты жүннің дыбысы ашық болады, анық, қатты шығады. Ал сапасы нашар

қажет-ақ. Бейсенбіде басшылықтың «білімділігі» салдарынан «қандықтар туындайды. Сабырлық танытыңыз, білік жүйісіңіз жалғыз бұза алмайсыз.

**Сарышаан**

Қарқыныңызды бәсеңдетіп, айналаны барлауды үйреніңіз, бұл аптада жылдамдық пен қарқын емес, жинақталу мен тәртіп жоғары бағаланады. Кәсібі жолда өзгерістер күтіп тұр, ол маңызды сатысындағы орлеу не сыяқсыз мөлшеріңіз артуы болуы мүмкін. Сейсенбі мен сәрсенбіде қызметтік тексеру келеді. Өрине, сіздің жасырып-жабатын ештеңеңіз жоқ, дегенмен, сақтық артқы болмайды. Бейсенбіде бәсекелестеріңіз тым бәсеңдеп, алайда олардан сенскенбей, көрініске, қарым-қатынас орнатып, ортақ келісімге келуге тырысыңыз. Демалыс күндері айналаңыздағы «картинаны» өзгертіп, табиғат аясында сөйлеп шықсаңыз, жағымды әсерлер аласыз.

**Мерген**

Бұл аптада тапқырлық сіздің екінің атыңызға айналады. Дүйсенбіде күрмеуі қиын қызметтік мәселелердің шешімін оңай табасыз. Ал сейсенбіде идеяларыңызды әріптестер мен жаңа серіктестерге жеткізу, түсіндіру, оларды сендіру оңай. Алайда, бейсенбіде аздап қиындық туындайды, әсіресе, қаржы сапасында. Тиімді әрі қызықтыратын ұсыныстар көптеп түседі. Бұл жақсы дегенмен, олардың қайсысының сенімді екенін анықтау мен таңдау жасау қиынға соғады.

**Тауешкі**

Бұл аптада табындылық пен қауыршы секілді қасиеттің көмектесіп, соның арқасында көптеп келе жатқан және күрделі мәселелердің шешімін табасыз. Жұлдыздар сізге жұмысқа барыңа беріліп кетпей, демалыс пен отбасыңызға да уақыт бөлуге кеңес береді. Сәрсенбіде жақын достарыңыздың бірі сіздің көмегіңізге мұқтаж болады. Ал бейсенбі көп мүмкіндіктер сыйлайтын кездесулер мен таныстықтарға бай. Сенбіде үй шаруасына, тұрмыстық түйкілерге көбірек көңіл бөліңіз. Ойын-сауыққа жексенбіде де үлгересіз.

**Сұқжыш**

«Әріптестеріңізбен ілінісіңіз, басшылықты сынамаңыз» – жұлдызшылардың берер осы кеңесіне құлақ асаңыз, алдағы аптаны көңілді әрі жағымды өткізесіз. Дүйсенбіде көпбасшы бейсенбіде көрініп, кейінгілерге ұлғи боласыз. Бірақ дандайсыз кетпей, әріптестер пікірі мен кеңесіне де құлақ түріңіз. Сәрсенбіде мейлінше ымырашыл болыңыз, бұл күні іскерлік серіктестеріңіз қиыр-қиысқ мінезін көрсетеді. Жексенбілік демалысты отбасыңыздың үлкен-кіші мүшелерімен бірге өткізуге тырысыңыз.

**Балықтар**

Жаңа әсерлер мен тәжірибелерге ашық болыңыз. Апта жаңашылдық үшін өте жайлы. Дүйсенбіде біліктілікті арттыру курсы күтіп тұр. Ал сәрсенбіде семинар не тренингке қатысуыңыз мүмкін. Қаржы мәселелерін шешуді жұмаға қалдырыңыз. Апта идеяларыңызды жүзеге асыруға сәтті, алайда, тәуекелге бару мен сізге барыңыз жақсы болып көрінуге тырысқан бейтаныс адамдардан сақ болыңыз. Демалыс күндеріне қайырымдылық шараларын жоспарлаған жөн.

**Тоқты**

Бұл аптада сезімнің емес, ақылдың жетегіне еруге тырысыңыз. Дүйсенбіде қаржы мәселесіне баса көңіл бөліңіз, тиімді сәйлім жолын қарастырыңыз. Финанс жағдайың көтеретін сәтті жобаны табуыңыз мүмкін. Сейсенбі болса іскерлік кездесу, серіктестермен, ықпалды таныстармен алдағы күндерге жоспар құруға сәтті. Ал демалыс күндері саяхатта, тым болмағанда, табиғат аясында өткізеңіз сергисіз.

**Торпақ**

Өзгелердің жүгін мойныңызға алмаңыз, бұл аптада өзіңізге де түсер салмақ аз емес. Сейсенбіде басшылық тарапындағы қарам-қатынадағы қызметкерлерге мұқият болыңыз. Өзіңізді жақсы жағынан көрсете алсаңыз, басшылық қызметке деген ынтаңызды жоғары бағалайды. Мүмкіндікті пайдаланып, қаржылай сыйсаңызды қарсы еместіңізді сыпайы жеткізе біліңіз. Бейсенбіде жұмыс орныңызда көп іс күтпейді, дегенмен, бұл уақыты босқа өткізбей, шығармашылық не сүйікті ісіңізбен айналысыңыз.

**Егіздер**

Апта бойында ештеңені өзгертуге тырысыңыз. Есесіне өткен-кеткенді ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құруға ыңғайлы уақыт. Сейсенбі күні күтпеген тосын сый келеді. Ол ақшалай болуы да мүмкін. Сәрсенбі жаңа іскерлік кездесулер мен таныстықтар сыйлайды.

**Шаан**

Бұл апта сіз үшін өте жағымды болады. Қызметтегі көліспеушілік, үйдің келенсіздік – бәрі артта қалады. Сондықтан ойыңызда да, бойыңызда да босансыта беруге болады. Ішкі түйсігіңізді үнін тыңдаңыз. Әсіресе, сәрсенбіде. Қаржылай мәселе туындай қалса, жақын достарыңызға жүгініңіз, бұл аптада ең жақын көмекшілеріңіз солар болмақ.

**Арыстан**

Қуаныңыз, алдағы аптада сіздің арбаңызды сәттілік сүйрейтін болады. Бірақ сәттіліктің соңынан өріп келем деп еш алансыз адымдай бермей, айналаңызды аңдай жүріңіз. Тағарды сізге көптеген белгілер жібереді, оларды сезіп, ұғыну үшін түйсікке жүгініңіз. Сейсенбіде басшылық маңызды да жауапты тапсырмалардың астында қалдырады. Сізден зор үміт күтеді, сенімін ақтауға барыңыз күш салыңыз.

**Бикеш**

Өзіңізге еріңдік пен ерлік құқығын көбірек беріңіз, сонда апта күндері көңілді өрі жарқын өтеді. Өлбетте, қызметтегі міндеттеріңізден құтылып кетуге мүмкіндік жоқ, дегенмен, бұл аптада оларды «ойнап жүріп» оңай орындайсыз. Сәрсенбіде серіктестік тұрасында қызықты ұсыныс түседі. Қаржылық «қозғалыстар» үшін бейсенбі ең ыңғайлы күн. Сенбі-жексенбіні туыстарға, ал отбасылы бикештер ұл-қыздарына арнаған дұрыс.

**Таразы**

Бұл аптада әбігерге салынабауға тырысыңыз. Ырымшылдығыңызды да кейінге ысырыңыз. Егер не болса соған күйгелектенгенді қойсаңыз, апта сәтті өтеді. Қаржылық мәселелерді шешуде біреуден көмек сұраңыз, туыс не тәжірибелі әріптестің қолдауы



Көкейші Редактор: Г. ЖҰМАДИН

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.

«Ақмешіт жастары» облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР**  
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**  
Мелдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 77421 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17421 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбітжарық Сұлтан көшесі, 4А

e-mail: aqmeshit\_zhastary@gmail.com  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 7416  
Тапсырыс: 1581